

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 шілдедегі N 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 25 наурыз N 300

Қазақстан Республикасына берілген Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің босаған техникалық көмек займының қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің техникалық көмек займы қаражатын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 шілдедегі N 1080 P971080\_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасында:

"Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясы департаменті" деген жолдың 3-бағанындағы "300 000" деген сан "279 000" деген санмен ауыстырылсын;

"Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген жолда:

"Еңбек" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

3-бағанындағы "400 000" деген сан "344 172" деген санмен ауыстырылсын.

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген жолдағы 1,2,3-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сектор  
Энергетика, индустрия және басшылығын кәсіби  
сауда министрлігі даярлау 1 072 605

Кәсіпорындардың  
әкімшіліктерін кәсіби  
даярлау 1 031 749

Компьютерлер мен  
жабдықтар сатып алу 371 836,04";

1,2,3-бағандар мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Консультациялық  
Мемлекеттік қызмет істері қызмет көрсетулер

жөніндегі агенттігі және компьютерлер  
және жабдықтар  
сатып алу 300 649,96".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.